




9-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ӨНЕРІНЕ КІРІСПЕ

Баяндау формасы





Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Баяндау формасы

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Негізгі идеялар:

1. Баяндау – адамдардың мына дүниені түсінуінің негізгі жолы.
2. Адамдардың сториға, яғни хикаятқа басқаша айтар болсақ әңгімеге әуестігі шексіз.
3. Көрермен фильмді тамашалаған кезде тұспалдарды аңғарып, ақпаратты есіне түсіру, алда қандай жағдай орын алатынын болжау арқылы фильм формасының қалыптасуына қатысады.
4. Баяндау дегеніміз уақыт пен кеңістікте орын алған себеп-салдармен байланысқан оқиғалар тізбегі.
5. «Параллель баяндау» – бір бірінен өзгеше элементтер арасындағы ұқсастықтарды көрсететін тәсіл.

Фильмдер:

1. Hoop Dreams <https://www.youtube.com/watch?v=-TRIx7oD3lo>
2. Julie and Julia <https://www.youtube.com/watch?v=Qh4bkwt54I4>
3. Андрей Тарковский «Айна» фильмі

Баяндау формасы

Адамдардың сториға, яғни хикаятқа басқаша айтар болсақ әңгімеге әуестігі шексіз. Балалық шағымызда ертегі мен мифтерді беріліп тындап, анимациялық фильмдерді қайта-қайта қарағанды ұнатамыз. Есейе түскен шағымызда бізді дін, тарих, романдар, комикстер, видеоойындар мен фильмдердегі өзге де хикаяттар еліктіре бастайды. Өмірімізде немесе бүгін жұмыста не болғанын тындауға дайын әр адамға айтып береміз. Саясаткерлер мен журналисттер «баяндаудың өзгеруі» туралы сөз қозғайды. Сот залында алқабилер қарама-қайшы оқиғаларды тындаса, түс көргенде белгілі бір оқиғалар мен жағдайларға түскенімізді көреміз. Баяндау – адамдардың мына дүниені түсінуінің негізгі жолы.

Хикаяттар бізді баурап, назарымызды ұстап тұрады. Өткен сабақтарымызда цифрлық тізбектің оқиғаның әрі қарай қалай өрбитіні жайлы сұрақтар қоюға итермелеуі мүмкін екенін қарастырғанбыз. Кейіпкерлер мен олардың іс-қимылдарына толы хикаяттар бұл ұмтылысты күшейтеді. 1841 жылы Чарльз Диккенс «Көне заттар дүкені» деп аталатын романын журнал басылымдарында серияға бөліп жариялады. Соңғы баслымдар Америкаға кемемен жеткізілген кезде айлақты лық толтырған оқырмандар «Кішкентай Нелл қайтыс болды ма?» деп айқайлаған екен. Бұл оқиғадан екі ғасырға жуық уақыт өткеннен кейін де балалар мен ата-аналар Харри Поттер романын сатып алу үшін кітап дүкендерінде сағаттап кезекке тұрды. Осы жасөспірімдердің көбі тіке үйлеріне қарай беттеп бара жатып-ақ, романды оқуға бірден кіріскен еді.

Олардың телешоудың толық маусымын көрген немесе кинофраншизаның кезекті шығарылымын асыға күтіп, онлайн желіде сюжеттің алдағы бетбұрысы жайлы ойларымен бөлісетін жанкүйерлерден еш айырмашылығы жоқ. Хикаяттың ойдан шығарылғанына немесе деректілігіне қарамастан экшнның қалай дамитыны, кейіпкерлердің реакциясы мен соңында барлығы қалай болатынын білгіміз келетінін сеземіз.

Хикаятты айтудың кең таралғанына және соншалықты қуатты болғанына байланысты қойылымды және деректі фильмдерде баяндау формасы қалай іске асырылғанын егжей-тегжейлі қарастыруымыз қажет.

Баяндау формасының қағидаттары

Оқиғалардың бәрі айналамызда орын алатындығына байланысты көрермендердің жанрлық баяндаушы фильмге қатысты белгілі бір болжалдары болады. Фильмде баяндалған нақты оқиға туралы көп зат білуіміз мүмкін. Фильм сюжетіне негіз болған кітапты оқыған боларсыз немесе бұл көрген фильмнің жалғасы болуы да мүмкін.

Тіпті хикаяттың нақты әлемімен әлі де таныс болмаған күннің өзінде баяндау формасына тән болжалдарымыз болады. Мысалы фильм кейіпкерлері бір-бірімен істеген іс-әрекеттері арқылы байланысатын болады деген болжам жасаймыз. Қандай да бір байланысы бар бірқатар оқиғалардың орын алуын күтеміз. Әдетте туындаған қиындықтар мен қақтығыстар белгілі бір жолмен реттеледі — шешімі табылады немесе кем дегенде жағдайға өзге көзқарас пайда болады деп күтеміз. Осылайша, көрермен жанрлық баяндаушы фильмнің мағынасын түсінуге дайын болады.

Көрермен фильмді тамашалаған кезде тұспалдарды аңғарып, ақпаратты есіне түсіру, алда қандай жағдай орын алатынын болжау арқылы фильм формасының қалыптасуына қатысады. Өткен сабақтарымызда дай айтып өткеніміздей фильм, болжалдарды қызығушылық, таң қалу және сол сияқты басқа да эмоцияларды тудыру арқылы қалыптастырады. Соңғы сахнаның мақсаты — жалпы фильмнен туындаған болжалдарды



Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Баяндау формасы

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

қанағаттандыру немесе ақтамау. Сонымен қатар фильмнің соңы алдыңғы оқиғаларды қайта көруге, бәлкім оларды жаңа қырынан қарастыруға итермелеу арқылы көрерменнің жадын белсенді ете түсуі мүмкін. 1999 жылы «Алтыншы сезім» фильмі көрсетілген кезде соңғы сахнада орын алған күтпеген бетбұрыс көрермендердің көбісінің қызығушылықтарын арттырғаны соншалықты олар өз болжалдарының қалай өзгергенін бақылау мақсатында фильмді екінші қайтара көру үшін кинотеатрға қайта келген болатынды.

Баяндау формасын қарастырған кезде фильм көрерменді динамикалық іс-әрекетке көшуге қалай итермелегенін түсінуіміз қажет. Осы қызығушылықты қалыптастыру киногердің міндеті. Олай болса баяндаудың не екенін және не істейтінін біршама тереңірек қарастыру арқылы киногердің жасаған таңдаулары мен көрермендердің белсенділігін түсінуге бет бұрайық.

Баяндау дегеніміз не?

Әуел бастан мынаны айтып өткен жөн. Бұл жердегі баяндау ағылшын тіліндегі narrative деген сөздің мағынасын білдіреді. Кейбір зерттеушілер нарративті баянсөз деп те аударып жүр. Ол да дұрыс. Біз бұл дәрістерімізде нарратив сөзінің орнына «баяндау» деген сөзді қолданатын боламыз.

Ендеше баяндау дегеніміз не?

Баяндау дегеніміз уақыт пен кеңістікте орын алған себеп-салдармен байланысқан оқиғалар тізбегі. Әдетте баяндау «стори, яғни хикаят немесе әңгіме» деген терминді де білдіреді. Алайда кейінірек осы терминді басқаша қолданатын боламыз. Дағды бойынша баяндау бір жағдайдан басталып, бірқатар өзгерістер себеп-салдар заңдылықтарына сай орын алады; ақыр соңында баяндау аяқталған кезде жаңа оқиға туындайды. Хикаятқа қызығушылығымыз өзгеріс пен тұрақтылық, себеп-салдар, уақыт пен кеңістік заңдылықтарын қалай түсінетінімізге байланысты.

Кездейсоқ оқиғалар тізбегін хикаят ретінде қабылдау қиын. Мысалы мына бір іс-әрекеттерді қарастырайық: «Адам ұйықтай алмай, бір бүйірден екіншісіне аунайды. Айна сынады. Телефон шырылдайды».

Оқиғалар себеп, уақыт немесе кеңістікпен қалай байланысқанын анықтай алмайтындығымызға байланысты жоғарыда айтылғандарды баяндау ретінде қабылдау қиынға соғады.

Осы оқиғалардың жаңа сипаттамасын қарастырайық: Бір адам бастығымен дауласып қалды. Сол түні ол бір бүйірінен екіншісіне аунап, ұйықтай алмады. Таң атқанына қарамастан әлі де ашуы тарқамағандықтан, ол қырынған кезде айнаны сындырды. Артынша телефон шырылдады: бастығы кешірім сұрау үшін хабарласты».

Бұл жерде аз да болса баяндау үдерісі бар. Оқиғаларды кеңістікте байланыстыра аламыз. Бір адам кеңседе болады, содан кейін төсегіне жатады, жуынатын бөлменің айнасының алдында тұрады. Ал телефон үйдің бір жерінде орналасқан. Уақыттың да өзіндік маңызы бар. Бастықпен болған даудың басталуы, ұйқының қашуы, айнаның сынуы – бірінен соң бірі орын алады. Іс-әрекеттер бір күні басталып, келесі күннің таңы атқанға дейін жалғасады. Ең алдымен осы үш оқиға себеп-салдар заңдылығының бір бөлігі екенін түсінеміз. Бастықпен дауласып қалу ұйқысыздық пен айнаның сынуына алып келеді. Бастықтың қоңырау шалуы қақтығысты шешкеніне байланысты баяндау үдерісі аяқталады. Баяндау қызметкер мен бастық арасындағы қақтығыс шешілгенге дейін даудың басталуы, соның салдарынан туындаған бірқатар оқиға арқылы өрбиді. Жоғарыда келтірілген қарапайым әрі шағын баяндаудағы себеп-салдарлық, кеңістік пен уақыттың баяндау формасы үшін қаншалықты маңызының зор екенін көрсетеді.

Баяндаудың себеп-салдар, уақыт пен кеңістікке сүйенетіні фильмнің басқа формалық қағидаттар арқылы жұмыс істемейтінін білдірмейді. Мысалы баяндау кезінде параллель баяндау қолданылуы мүмкін. «Параллель баяндау» дегеніміз бір бірінен өзгеше элементтер арасындағы ұқсастықтарды көрсету дегенді білдіреді. Мысалы алдыңғы дәрістерімізде де айтып өткеніміздей «Оз елінің сиқыршысы» атты фильмде Канзастағы үш ферма жұмысшысы мен Оз еліндегі Доротидің үш серігі арасындағы ұқсастық параллель баяндау арқылы жүзеге асырылған.

Режиссер Стив Джеймстің «Баскетбол – арман» атты 1994-жылы көрсетілімге шыққан деректі фильмі параллель баяндау үшін жақсы бір мысал бола алады. Чикагоның кара нәсілділер тұратын аудандарының бірінде тұратын екі мектеп оқушысы профессионал баскетболшы болуды армандайды. Деректі фильм бұл екі баланың спорттағы карьераларының ізін кешеді. Фильмнің формасы бізді бұл балалардың жеке мінездерін, алдыларынан шыққан бөгеттерін және жасаған таңдауларын салыстыруға шақырады. Сонымен қатар фильм, балалар оқитын мектептері, жаттықтырушылары, ата-аналары мен олардың



Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Баяндау формасы

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

спорттағы табысты болу армандарын бөлісетін ересек еркек туыстары арасында параллелдік құрады. Параллелдік фильмнің тек бір ғана кейіпкерді алмай, фильмді кейіпкерлер арқылы байытуға және күрделілігін арттыруға өте тиімді баяндау тәсілі.

Бұл жерде «Баскетбол – арман» Hoop Dreams атты фильмнің трейлері көрсетіледі.

Десек те «Баскетбол – арман» нәтижеде жанрлық баяндау фильмі болып табылады. Фильмдегі негізгі кейіпкерлердің өмір жолдарының екеуі де уақыт, кеңістік және себеп-салдарға негізделеді. Тіпті бұл фильм себеп-салдардың күшін де жақсы көрсетеді. Екі мектеп жасындағы балалар үлкен қаладағы жұпыны өмірлерін сүруде. Ал спорт, олар үшін табысты болудың алаңы болғандықтан бар үміттерін соған арнайды.

Параллель баяндау әдісі кейіпкерлер, декорациялар, оқиғалар мен бір тәуліктегі уақыт бөліктері немесе кез-келген басқа элементтер арасында параллель жүргізуге де түрткі болуы мүмкін. Мысалы, режиссер Нора Эфронның «Джули мен Джулия» атты фильмде отбасылық өмірлері мен аспаздық шеберлікке құштарлықтарын қиыстыруға тырысып баққан және әр түрлі кезеңде өмір сүрген екі әйел арасында параллелдік құрылған. Джули өзі табынып жүрген Джулия Чайлдті ешқашан кездестірмегеніне қарамастан, олардың араларында себеп-салдарлық байланыс бар. Джули егде жастағы әйелдің өмірінен шабыт алады.

Бұл жерде Julie and Julia атты фильмнің трейлері көрсетіледі.

Ал кейде киногерлер одан әрі ілгерілеп, параллель оқиғаларды себеп-салдар арқылы байланыстырмауы да мүмкін. Мысалы Вера Хитилованың «Өзге дүние туралы» атты фильмінде үй шаруасымен айналысатын келіншек пен гимнаст әйелдің өмірі жайлы сахналар кезектестіріле көрсетілген. Олардың өмір сүру салты әртүрлі болғандықтан, екеуінің арасында себеп-салдарлық байланыс жоқ. Параллель үлгілерді құру әйелдердің өз өмірлеріне қатысты қабылдаған шешімдерін салыстыруымызға түрткі болады.

Тарковский және параллель баяндау

Параллель баяндау тек қана жанрлық фильмдерде ғана емес, сонымен бірге артхаус кино өнерінде де бар. Совет киносының әлем жұртшылығына ең танымал режиссерлерінің бірі Андрей Тарковский, өзінің автобиографиялық фильмі «Айнада» параллель баяндаудың көркем түрін ұсынады.

«Айна» фильмі терең және қалыптан тыс түрде өмірді түсінуге шақыратын, яғни өмірдің «айнадағы шағылысуы» екенін алға тартатын көзқарасқа ие. Бұл дегеніміз өткеннің бүгінге, ал бүгіннің өткенге шағылысуы, өткен мен бүгіннің бір біріне шыдауы және бір бірінің ішінде қайта оралуы. Фильмнің тақырыбы фильмнің басты кейіпкерлері Мария Николаевна мен Наталияның, Алексей мен Игнаттың айналық тұрғыдан бір-бірімен ұштасуы мен ұштаспаулықтары жайында. Бұл кейіпкерлердің тағдыры тіпті сыртқы көріністеріне дейін қайталанатын. Мысалы Алексейдің ата-анасының ажырасып кеткені сынды Алексей мен Наталия да ажырасып кетеді. Сонымен қатар Алексейді анасы мен әйелінің арасындағы ұқсастықтар үнемі мазалайды. Фильмде бұл екі әйелді бір актриса ойнайды: Маргарита Терехова.

Терехованың перформансы өте керемет, барынша шектеулі әрі психологиялық тұрғыдан өте қою. Барлық нәрсені мимикаларымен өте жақсы түсіндіреді, басын көтеріп немесе түкірігін жұтып. Наталияны Мария Николаевнадан өзгеше қылатын бір ғана нәрсе бар: Жас кезінде киген көйлегі, шашы мен бояну стилі.

Ал бала Алексейдің ұлы Игнатқа барлық нәрсе бұдан бұрын болып қойған сияқты. Ал Алексей болса қазір таң атты ма әлде еш батты ма білмейді.

Фильм, өткен кезеңнің қайталанып жатқанын және айырмашылықтардың жойылып, қашанда өз-өзіне тең болған уақыттың шеңберге айналатынын меңзейді. Бұл тұйық шеңбер қасарысқанда әрекет бастау алған жерге 360 дәреже қайтып келуді мәжбүрлейді. «Айна» фильмінде қайталау, жабылу және қиялдағы өмірдің мотиві орын алады.

Наталия, бір күні қайны анасы Мария Николаевнамен бірге түскен суретіне қарап бір-біріне өте қатты ұқсайтындықтарын айтын, осынау шындыққа мойындайды. Үнемі әйелі мен анасын қатты ұқсататын Алексей болса «Қойшы, қайдағы ұқсаған» деп дес бермейді.

Расында да ешкім Наталияға қарап оның Мария Николаевна Лебядкинаға ұқсайтынын айтпас еді.



Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Баяндау формасы

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Наталияның шаршаған, саналы әрі заманауи жүзінде құпия бір ерекшелік жоқ. Ал Алексейдің анасының жүзінде сыр бар. Фильмде құдды бір бірінен өзгеше екі тезисті алға тартатын екі әйелді ойнаған Терехова, акценттерді бізге байқатпастан өзгерте отырып, бастан аяқ бір бірінен өзгеше екі әйелді сомдайды.

Бейне мен сөздерден тұратын кіліттер өткен шақтағы Алексейдің анасы мен әйелі арасындағы айырмашылықты байқауымызға көмекші болады. Егер сахнаның басында әйелдің шашы түйілген болса ол – ана, яғни Мария Николаевна; ал шашы жайылған болса Наталия деген сөз.

Андрей Тарковский «Айна» атты фильмінен үзінді. 5:53-6:32 және 35:23-36:42

Мінекей көріп отырғанымыздай параллель баяндаудың поэтикалық түрін Андрей Тарковский осылай қалыптастырады. Оның осынау мұрасы әлі де болса жалғасын табар деген үміттеміз.

Қосымша ресурстар:

1. Ellis, Jack C. (1995). A History of Film. 4th Edition. Boston, London, Toronto, Sydney, Tokyo & Singapore: Allyn and Bacon.
2. Nowell-Smith, Geoffrey (1999). The Oxford History of World Cinema. Oxford University Press.
3. Pechter, William S. (1971). Twenty-four Times a Second: Films and Film-makers. New York. Evaston & London: Harper & Row Publishers.
4. Pirie, David (Ed.) (1981). Anatomy of the Movies. Inside the Film Industry: The Money, the Power, the People, the Craft, the Movies. New York: Macmillan Publishing Co., Inc.
5. Robinson, David (1974). The History of World Cinema. New York: Stein and Day Publishers.